I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Шаттық шеңбері. «Кел, балалар күлейік» Ө.Тұрманжанов Кел балалар күлейік, Күлкіменен түлейік Қабақ түйген не керек Көңілді боп жүрейік	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	1. Ой дамыту. Мнемотехника әдісімен жұмыс. Мнемо кесте арқылы қыс мезіліне сипаттама беру. -Қыста ауа райы қандай болады? -Қыста қалай киінеміз? -Сұрақтарға жауап беру. Сергіту сәті. «Қыс» Сыртта боран зулайды, Қарды үйіріп қуалап. Әлсін - әлсін тыңдайды, Терезеден сығалап 2 Ой қозғау. Жаңа ҰІӘ таныстыру. Б.Жақып «Сырғанақ» -Өлең жолдарын мәнерлеп оқу. -Өлең мазмұнын ашу. Біз тебеміз сырғанақ Таудан төмен сырғанап Бір шанада екеуміз Құламайды екенбіз..... 3.Балаларды қар, мұз, аяз атауларымен топқа бөлу. Карандаштармен жұмыс. 1-қар тобы Шананы бояу. 2-аяз тобы Шаңғыны бояу 3-мұз тобы Конькиді бояу	

IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия <i>3-минут</i>	Қорытындылау: сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.	
---	--	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӨ тақырыбы:		«Көңілді қыс. Ш. Мұхамеджанов.Сенің өмірің – сиқырлы әлем кітабынан»	
Күні:		Ақпан	
ТОП:	Ортаңғы	Қатысқан балалар саны:	
ҰІӨ-нің міндеті:	Өлең жолдарын мәнерлеп оқи отырып, балаларға мағынасын түсіндіру. Қойылған сұрақтарға жауап бере білуге дағдыландыру		
Күтілетін нәтиже:	Қыс мезгілі туралы суретке қарап атауларын атай алады. Педагогтың көмегімен суретке сөйлем құрауды біледі.		
Тілдік мақсат:	Сөздік жұмыс: қыс, мезгіл, суық, ойнайды, ұлпа		
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ -жауап		
ҰІӨ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар

I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	I. Шаттық шеңбері. X. Талғаров «Дос болайық бәріміз» Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. II. Қызығушылықты ояту. Топқа шар ұшып келу. Шарды бір-біріне беріп көңілді сөздер айту. П/Ж ойын: «Көңілді сөз»	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	III. Ой қозғау Сұрақ – жауап. Мнемо кестемен жұмыс. Қыс мезгілі туралы түсіндіру. -Қазір қандай мезгіл? -Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады? -Несімен ұнайды? Қандай ойын түрлерін білесіңдер? Сергіту сәті. «Боран» Сергіту сәті. Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан, Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. Ой дамыту. Көңілді қыс. Ш. Мұхамеджанов. Өлең жолдарын мәнерлеп оқу мағынасын ашу. Көңілді қыс. Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қар алап, Іздерінен қар ұшып. Сұрақ – жауап.	

	-Өлең жолдарында не туралы айтылған? -Қыс мезгілін қалай суреттеген? 4.Құрлымдалған ойын: «Кім жылдам?» -Құрастыру, қысқы киімдер.	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қортынды Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Қолымен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады (Аяз) Көлдің беті көк әйнек, Сырғанауға тым әйбет. (Мұз) Жұмбақтың шешуін сұрақтар қоя отырып, жауап ала отырып, ҰІӨ аяқтау	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӘ тақырыбы:		«Көліктер»	
Күні:		Ақпан	
ТОП:	Ересек	Қатысқан балалар саны:	
ҰІӘ-нің міндеті:	Балаларға көліктер туралы білім беру. Атауларын дұрыс атауға үйрету		
Күтілетін нәтиже:	Әр түрлі көлік түрлерінің, көлік бөліктерінің атауларын атай алады. Көлік туралы сұрақтарға жауап береді		
Тілдік мақсат:	Сөздік жұмыс: Жүргізуші, көлік, ұшады, жер көлігі, әуе		
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Сұрақ –жауап арқылы жауап алу.		

ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Шаттық шеңбері. Біз ақылдымыз, Қиындықтан қорықпаймыз. Біз жаспыз, қандай әдеміміз, Табиғатты қорғаймыз. II. Қызығушылықты ояту. Көліктер туралы жұмбақтар жасыру. Құс сияқты құс емес, Жүрсе де тым биікте. Қақпайды бір қанатын Жүрсе де тым биікте (ұшақ) -Арқасында ауыл жүр, ала тайым шауып жүр. (автобус) -Тізбектелген көк үйлер, көшіп жүрген көп үйлер. (поезд) Әр жұмбаққа түсінік беру.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	2. Ой дамыту -Көлік дегеніміз не? -Қандай түрлері бар екен? -Жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі, темір жол көлігі -Ол адам үшін неге қажет? -Сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер? -Автобуспен қайда баруға болады? Ол қандай көлік түріне жатады? -Пойыздармен қайда баруға болады? 3. Ой қозғау. Құрлымдалған ойын: «Әр көлікті өз тұрағына орналастыр Машина-гараж, Кеме – айлақ, Поезд – депо, Ұшақ – аэродромда тұрады» П/Ж ойын: «Поезд»	

IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.	
--	---	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӨ тақырыбы:		Электроника деген не?	
Күні:		Ақпан	
ТОП:	Ортаңғы		Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ-нің міндеті:	Балалардың үй тұрмысындағы заттарды, олардың қасиеттерін- қарапайым пішінін, көлемін танып атауға үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	Ойын арқылы электротехникалық заттарды атауды біледі Қолданылатын орнын, қауіпсіздік ережелерін түсінеді.		
Тілдік мақсат:	Сөздік жұмыс: қауіпсіздік, қолдану, электр көзі,тұрмыстық, техника		

	Билингвальды компонент: тоңазытқыш-холодильник, тұрмыстық техника -бытовая техника, электр бұйымдары-электро товары, шаңсорғыш-пылесос	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Сұрақ - жауап	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	I.Шаттық шеңбері. «Кел,балалар күлейік» Ө.Тұрманжанов. Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік! II.Қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру. 1.Шаң-тозаңды сүймейді, Тазалап оны жүр дейді. (шаңсорғыш) 2.Бүкіл әлем ішіне сияр Аты оның ...(теледидар) 3.Біздің үйде бір зат бар Сақтайды онда тамақты. Болсын мейлі күз бен жаз Іші оның қатты аяз. (тоңазытқыш) Сұрақ – жауап.	Интерактивті тақта, үй жабдықтарының ойыншық түрлері, сурет карточкалары,
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 15 минут	1. Ой дамыту, түсінік беру. Сулы қолмен тоқты қосуға немесе ажыратуға болмайды; -Балаларға үлкендерсіз электр токтарын ұстауға болмайды; -Ерексектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды. -Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға болмайды. -Кір жуатын машинаға қолды салуға болмайды. 2.Ой қозғау Балаларды топқа бөлу. Бірінші топ: үтікті тоқ көзіне қосып орамалды үтіктеуіміз керек. Екінші топ: Қуыршақтың шашын шаш кептіргішпен кептіруіміз керек. Үшінші топ: Жиналған қоқысты шаңсорғышпен жинау керек	

	3. Миға шабуыл. П/Ж ойын: «Электротехника-лық тұрмыстық заттарды ажырат» Ойынның шарты: Көптеген ыдыс аяқтардың суреттері көрсетіледі. Балалар солардың ішінен эл.техникалық .заттарды табу керек.	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қортынды Сұрақ-жауап. Балаларды мадақтау.	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӘ тақырыбы:		«Бұл мұғалім апай» әңгіме	
Күні:		Ақпан	
ТОП:	Ортаңғы	Қатысқан балалар саны:	
ҰІӘ-нің міндеті:	Балаларға мұғалім мамандығы және оның қай жерде жұмыс жасайтыны туралы түсінік беру. Әңгіменің мазмұнын түсіндіру.		
Күтілетін нәтиже:	Мамандық туралы, әр мамандықтың атауларын айта біледі. Берілген ойындар арқылы		
Тілдік мақсат:	Сөздік жұмыс: Мамандық, кәсібі, еңбектену, жұмыс жасау т.б.		

Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ -жауап	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	I. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Сын тұрғысынан сұрақтар: 3. Дәрігер балаларды оқытады? (жоқ, мұғалім оқытады?) 4. Мұғалім адамдарды емдейді? (жоқ, дәрігер емдейді) 5. Наубайшы нан пісіре ме? (иә) 6. Жүргізуші машина жүргізе ме? (иә) 7. Шаптараз шаш қымайды? (жоқ, қияды) 8.Екінші егін екпейді? (жоқ,егеді) 9. Кітапханашы кітап бере ме? (иә) 10.Аспаз киім тігеді (жоқ, тамақ даярлайды) Балаларды мадақтау.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	II. Ой дамыту. Суретпен жұмыс. -Суретте кімді көріп тұрсыңдар?Мұғалім апайды -Не істеп жатыр -Мұғалім қайда жұмыс жасайды? III.Ой қозғау. Өлең оқу Оны бәрі сыйлайды, Ақылын да тыңдайды. Оқушылар құрметтеп, Әнге қосып жырлайды. Өлең кім туралы айтылған. Сергіту сәті. Кәне,кәне тұрайық Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ енді шеңберге Алақанды ұрайық П/Ж ойын: «Мұғалім заттарын жина»	

IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.	
--	--	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӘ тақырыбы:		«Қуыршақ Айарудың камзолы»	
Күні:		Наурыз	
ТОП:	Ортаңғы		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің міндеті:	Ұлттық киім ерекшеліктерімен таныстыру. Балаларды әңгімелеуге үйрету Қуыршақ, бізге қонаққа келді»(ойыншықты суреттеу арқылы әңгіме құрау)		
Күтілетін нәтиже:			
Тілдік мақсат:	Сөздік жұмыс: наурыз, мейрам, мереке, тойлау, көрісу.		

Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ –жауап.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	1.Шаттық шеңбері Армысыз, қайырлы Күн! Армысыз, Аспан ата! Армысыз, мейірімді Жер-Ана! Армысыз, шұғылалы Алтын күн! 2.Тосын сәт Ұлттық көйлек киген қуыршақтың қонаққа келуі. Қуыршақпен сәлемдесу Сұрақ-жауап -Балалар,бұл қуыршақтың есімін сендер білесіңдерме? -Олай болса,қуыршақтың өзінен сұрап көрейікші. -Балалар, қуыршақ есімін айтқысы келмесе,онда бәріміз бірге оның есімін қояйық. -Сұлушаш	ұлттық көйлек киген қуыршақ.
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	3. Ой қозғау. -Сұлушаш сендерге ұнадыма? Несі ұнады?(шашы,көйлегі, сырғасы,бөркі,камзолы, үкісі). -Сұлушашатың шашы қандай?(Қою қара шашты) -Оның шашы ұзын,әдемі  -Ал Сұлушашымыздың көйлегі қандай? (Бүрмелі,қазақтың ұлттық көйлегі Сұлушаштың бөркіне тоқталу. -Бөрік киімнің қай түріне жатады? -Бөріктің төбесінде үлгілдеп тұрған несі? -Бөріктің төбесіндегі үкісі неден жасалады? Үкі-орман құсы. Үкінің-жүні үлгілдек.	

-Енді бәріміз үкінің дыбысын салайықшы.

Сергіту жаттығуы:

Сөйлемейсің сен неге,

Тілің жоқ па, қуыршақ?

Жуынбайсың сен неге,

Кірің жоқ па, қуыршақ?

Аяғың бар ма, сен неге?

Жүре алмайсың, қуыршақ?

Жұмсағанда сен неге,

Тіл алмайсың, қуыршақ?

Біз күлгенде күлмейсің, Аңқаусың ба, қуыршақ?

Бізбен бірге жүрмейсің,

Жалқаусың ба, қуыршақ?

(Р.Тышқанбаев)

4. Ой дамыту.

Балалар қуыршаққа біз сыйлық жасаймыз ба.

Оған әдемі камзол жасап берейік

Балаларды топқа бөлу.

1-топ. Камзолға ою жапсыру

2-топ. Етікке ою жапсыру.



Сұрақ-жауап.

Камзолды, етікті немен әсемдедік

Түстері қандай?

Қуыршаққа сыйға береміз бе?

Рақмет балалар, мен бұл камзолды, аналар мейрамына және наурыз мейрамына киетін боламын.

Рақмеет сендерге

Сау болыңдар балалар

IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.	
--	--	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӨ тақырыбы:		«Қасқыр мен жеті лақ»	
Күні:		Наурыз	
ТОП:	Ортаңғы	Қатысқан балалар саны:	
ҰІӨ-нің міндеті:	Балаларды ертегі тыңдауға және әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарына талдау жасауға үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	Ертегілер туралы, ондағы кейіпкерлер туралы суретке қарап аттарын айта алады. Ертегі желісін педагогтың көмегімен қайталап айтып береді.		
Тілдік мақсат:	Сөздік жұмыс: Төлі, маңырайды, лақ, жіңішке, аңдиды.,		

	қарақтарым, шырақтарым, пеш, ну орман.	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ –жауап.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Шаттық шеңбері. Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты, Алтын сауде таратты. Сәлеметсің бе, жер ана, Сәлеметсің бе, көк аспан. Сәлеметсіздер ме, балалар.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	1.Ой қозғау. Сұрақ -жауап Жеті лақ ертегісін түсіндіру. -Ешкінің төлін не дейміз? -Ол лақтарына не деп ескертті? -Ешкі үйіне келгенде лақтары анасының келгенін қайдан біледі? -Қасқыр үйге қалай кірді? 2.Ой дамыту. Ертегіні сахналау. -Балаларды ролдерге бөлу. - Бет перделер кигізу. -Сөйлеу мәнерлерін қадағалау. -Қимыл -қозғалыстарын дұрыс жасай білуді түсіндіру. 3.Миға шабуыл П/Ж ойын: «Атын ата» ертегіде кездескен кейіпкерлердің аттарын атау. Жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білу. -Неге олай ойлайсың?	

IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қортынды -Сендер үлкен адамдардың айтқанын қаншалықты орындайсыңдар? -Не үшін ? Балаларды мадақтау.	
--	---	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӘ тақырыбы:	Әдемі қазақ үйі		
Күні:	Наурыз		
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің міндеті:	Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен және тұрмыстық заттармен таныстыру.		

Күтілетін нәтиже:	Ұлттық өнер туралы түсінеді. Киіз үй бөліктерінің аттарын атай алады. Сұрақтарға педогогтың көмегімен толық жауап береді.	
Тілдік мақсат:	Сөздік жұмыс: Тартады, үні, өнер	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ -жауап	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Шаттық шеңбер Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Тәрбиелі баламыз, Амандасып аламыз. Ой шақыру. –Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?(көктем) -көктем мезгілінде табиғат қандай өзгерістерге ұшырайды? Көктемде қандай мейрам болады? Наурыз мерекесінде қандай мейрам болады? Балалар олай болса киіз үйдің суретін Тамашалайық.	АКТ ,слайд киіз , киіз үй құрлысы, желім қайшы,дайын киіз үй үлгісі
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	АКТ технологиясы. Слайд. Киіз үйдің суретін көрсетіп, таныстыру. Ой дамыту. Неліктен «Киіз үй» деп аталатынын түсіндіру. Киіз үйдің бөліктерімен таныстыру. Сергіту сәті: Дөңгеленіп тұрайық, Керегені қарайық Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық. Тосын сәт. Айсұлу қонаққа келеді. Айсұлу:Балалар көктем болса келіп қалды,Наурыз мейрамы жақындап қалды. Маған киіз үй керек еді,киіз үй құрап беруге көмек сұрай келдім. Балалар Айсұлуға көмектесеміз бе?	

	Үлгі көрсету, түсіндіру. Балалар орындарына отырып киіз үйді құрастырып, ақ парақ бетіне жабыстырады. Балалар өздерінің жапсырған суреттерін достарымен бағалайды. Айсұлу балаларға көмектеріне көп рахмет айтып қоштасады.	
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қорытынды. Балаларды мадақтау.	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӘ тақырыбы:		Шуақты көктем	
Күні:		Наурыз	
ТОП:	Ортаңғы	Қатысқан балалар саны:	
ҰІӘ-нің міндеті:	<i>Көктем мезгілі туралы балаларға түсінік беру. Көктем мезгілінің табиғат құбылыс-тарын түсіндіру</i>		

Күтілетін нәтиже:	<i>Көктем мезгілі туралы және табиғаттағы ерекшеліктер жайында сурет арқылы айта алады. Педагогтың қойған сұрақтарына дара сөздер арқылы жауап береді.</i>	
Тілдік мақсат:	<i>Сөздік жұмыс: ериді, бүршік, құстар ұшып, көктейді</i>	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	<i>Сұрақ-жауап.</i>	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Шаттық шеңбер <i>Аспан ашық , көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр Қол ұстасқан біздерді Тереземнен көріп тұр.</i>	<i>Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер</i>
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Қызығушылықтарын ояту. АҚТ технологиясымен жұмыс. Аудио дыбыс. <i>Ұнтаспадан құстардың сайраған дауысы, судың сылдырап аққан дауысы естіледі.</i> <i>-Ненің дауысын естіп тұрсыңдар?</i> <i>-Оны естігенде көз алдарыңа не елестейді.?</i> Ой қозғау. Сұрақ – жауап <i>-Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?</i> <i>-Көктем мезгілі сендерге ұнай ма?</i> <i>Қызығушылықты ояту. Өлең жолдарын оқып, түсіндіру.</i> Көктем өрнегі Е.Өтетілеу ұлы. <i>Қар еріді,су ақты, Күндер кедлді шуақты. Байтақ дала келбеті Түкті кілем сияқты.</i> Бір қадам әдісі арқылы өлеңді жаттау.	

	П/Ж ойын: «Жақсы мен жаман» Міндеті:Жақсы қасиет болса қолдарын шапалақтайды, жаман қасиет болса тыныш отыру. 1) Көшет отырғызу. 2) Ағаштарды сындыру. 3) Құстарға жем шашу. 4) Құстың ұясын бұзу. 5) Ағаштарға су құю. 6) Гүлдерді жұлу. 7) Құстарға ұя жасау. Балаларды мадақтау.	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қорытынды. Балалар не туралы әңгімелестік? Көктем мезгілінде қандай ерекшеліктер болады екен	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӨ тақырыбы:	«Өсімдіктер әлемі»		
Күні:	Сәуір		
ТОП:			Қатысқан балалар саны:

ҰІӨ-нің міндеті:	Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі туралы, орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктер туралы білімдерін қалыптастыру.	
Күтілетін нәтиже:	Топқа бөліну арқылы гүл аттарын біледі. Педагогтың көмегімен сұрақтарға өз ойын айта алады.	
Тілдік мақсат:	Сөздік жұмыс: өседі, құлпырып, сабағы, гүлдейді.	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ –жауап.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Амандасу: Шеңбер болып тұрайық Алақанды ашайық Күннің нұрын шашайық Таза ауаны жұтайық Жүрекке жылу сыйлайық Жиналған жылы шуақты Бір-бірімізге шашайық Қызығушылықтарын ояту Жұмбақ жасыру Қолы жоқ, аяғы жоқ- қозғалады, ауызы жоқ тыныс алады, қоректенеді,- бұл не болды? Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты.	
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ой қозғау: Балалар өсімдіктер қайда өседі? Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай? Өсімдік өсу үшін не керек? Өсімдіктер өсу үшін не істеуіміз керек? Ой дамыту: Суретпен жұмыс Топтарға бөлінеміз: 1-Топ: Бөлме гүлі (бөлме гүлдерін сүртіп, оларға күтім жасайды). 2-Топ: Дала гүлі. (Гүлдерді отырғызады.) 3-Топ: Бақша гүлі . Дид ойын: «Не қайда өседі?»Әр өсімдікті өз үйіне орналастыр Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық, Гүлдерге су құяйық	АКТ, өсімдіктердің, ағаштардың, көктем мезгілінің суреттері Әдіс-тәсілі: әңгімелесу, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап

	Орнымыздан жылжиық, Басқа гүлге құяйық Миға шабул Не? Өсімдік Қандай? әдемі, түрлі-түсті Не істейді? Өседі, қоректенеді, көбейеді	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Сұрақ-жауап. Бас бармақ әдісі бойынша қорытындылау. Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз Тал егеміз бақтарға Айналасын қоршаймыз	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӨ тақырыбы:	Қайдан келдің бауырсақ?		
Күні:	Наурыз		
ТОП:	Ортаңғы	Қатысқан балалар саны:	

ҰІӨ-нің міндеті:	<i>Балалардың нан туралы түсінік беру. Сурет бойынша ертегінің мазмұнын әңгімелеу. Нанды қадірлеуге тәрбиелеу. Балалның сөйлеу мәнерін қалыптастыру</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>Еңбек туралы түсінеді. Суретке қарап атауларды атай алады.</i>	
Тілдік мақсат:	<i>Сөздік жұмыс: Наубайшы, егін, өсіру, бидай</i>	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	<i>Сұрақ-жауап</i>	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Шаттық шеңбер «Күннің нұры» Ой қозғау. Жұмбақ жасыру: Ұзын мұртты сарылар, Қойынында дәні бар. (Бидай) Бидайдан не жасалады? Ой қозғау. Суретпен жұмыс Адамдар қандай іс пен айналасып жатыр? трактор қандай жұмыс атқарып жатыр? Жерді не үшін жыртып,тегістеді? Егінді немен орамыз балалар. Кімдер орады. Бала: Егінші орады Балаларды мадақтау.	<i>Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер</i>
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ғажайып сәт. Қуыршақтың қонаққа келуі. Амандасу 1. Қуыршаққа көмек Нан туралы түсінік беру. Нан неден шығады? Оған қандай еңбектер жасалады. 2. Қуыршақтың сұрағына жауап. Ой дамыту Ө. Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңімен таныстыру.	

	 Өлеңде не туралы айтылды? Бауырсақ қайда жатты? Қуыршақ не деп сұрады? Бауырсақ наубайға қайдан келді? Диірменге ше? Диқан бидайды қалай өсірді? Балалардың жауабы. Нан түрлерімен таныстыру: (таба нан, бауырсақ, лапша, шелпек, жайма, тоқаш т.б) Сергіту сәті: Балалар бауырсақтың дастарқанға келу жолын қимыл арқылы көрсетеді. Жерді жыртамыз, егінді себеміз, Суарамыз, күтіп баптаймыз. Бидай үлкен болып өседі, Комбайнмен орамыз, Машинамен қамбаға тасимыз, Диірменде үн етіп дайындайды. Ұннан қамыр илеп, бауырсақ пісіреміз. Дидактикалық ойын: «Не жасырынғанын тап.» Ойын шарты: балаларға ұннан пісірілген нан түрлерін көрсету. Балалар көздерін жұмады, бір суретті алып қойылады. Балалар қай сурет жоқ екенін табуы керек.	
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қорытынды: Балалар, сонымен бауырсақ дастарқанға қалай келеді екен? Бауырсақ дастарқанға келу үшін кімдер еңбек етеді екен? Бауырсақтың қандай түрлері бар? Үйде аналарың қандай бауырсақ пісіреді?	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӘ тақырыбы:		«Ормандағы жәндіктер»	
Күні:		Сәуір	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің міндеті:	Жәндіктер (қоңыз, көбелек, шыбын,құмырсқа) туралы түсінік беру. Топқа бөліп жұмыс жасау.		
Күтілетін нәтиже:	Жәндіктер атауларын атай алады. Әр жәндікті суреттен көрсете алады.		
Тілдік мақсат:	Сөздік жұмыс:жәндіктер, қонады, ұшады, аралап, бал жинау.		
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Сұрақ -жауап		
ҰІӘ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 3-5 минут	Шаттық шеңбер Достар бірге жүреміз Бірге ойнап күлеміз Бірге балық аулаймыз Міне біздер қандаймыз Ғажайып сәт: Балалар мен сендерді «Жәндіктер әлеміне» апарғым келеді. (Слайдтағы экологиялық соқпақ сурет сілтемесіне назар аударамыз)		АКТ, жәндіктер суреттері Әдіс-тәсілі: әңгімелесу, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ой қозғау: Балалар мына суретте қандай жәндіктер бар? Жәндіктердің бір ортақ белгісін тауып айтыңыздаршы? Жәндіктер немен қоректенеді? Көздерімізді жұмайық. (табиғатқа ұқсас әдемі әуен орындалады) Міне орманға да келдік. Серігіп алайық бәріміз. Дидактикалық жаттығу: «Гүлдерді жина» (әуен қосылы тұрады. Балалар түстеріне қарай гүлдерді жинайды.) Кенет дауыс естіліп, бұл кімдер шулап жүрген деді. Балалар: Бұл біз балабақшада келдік Сиқырлы дауыс: Неге шулап жүрсіңдер? Орманға тыныштық керек. Тәрбиеші: Сиқырлы дауыс бізді бір жолға кешіріңізші. Сиқырлы дауыс: Екі тапсырмам бар.Орындасаңдар үйлеріне жіберемін Жұмбақ жасыру:		

	<i>Тыру-тыру тырналар</i> <i>Тауға қарай жорғалар (аралар)</i> <i>Қызыл көйлек кигені</i> <i>Ұсақ қызыл түймелі</i> <i>(қанқызы)</i> <i>Гүл ұшып , гүлге қонады</i> <i>Гүл бақшам гүлге қонады.</i> <i>(көбелек)</i> <i>Екі басы жұдырықтай,</i> <i>Белі қылдырықтай</i> <i>(Құмырсқа)</i> Сергіту сәті: <i>Қане қанат жасайық</i> <i>Көбелекке ұқайық</i> <i>Көбелек боп ұшайық.</i> <i>Ұшып-ұшып алайық</i> <i>Гүлдерге ақырын қонайық</i> Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?» Міндеті: Балалардың таным қабілеттерін арттыру. <i>Ормандағы сиқырлы дауыс иесімен қоштасу. Балалар тапсырмаларды орындап, балабақшаға келеді.</i>	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Сұрақ-жауап: <i>Балалар біз қайда барып келдік?</i> <i>Онда біз не істедік?</i> <i>Жұмбақтардың жауаптарын айтып беріңдерші?</i> <i>Жұмбақтарды кім жасырды?</i> <i>Ормаға барғанда не істеуге болмайды?</i> <i>Қорытындылау. Балаларды бағалау.</i>	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӨ тақырыбы:	«Жуа отырғызу»
----------------------	----------------

Күні:		Сәуір
ТОП:	Қатысқан балалар саны:	
ҰІӨ-нің міндеті:	табиғат бұрышындағы өсімдіктерге қамқорлық жасауға, еңбек етуге тәрбиелеу	
Күтілетін нәтиже:	Еңбек туралы түсінеді. Еңбектену арқылы жеңіске жетуге болады деген ұғым қалыптасады.	
Тілдік мақсат:	Сөздік жұмыс: еңбек, шыңдайды	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ-жауап.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Шаттық шеңбері: Нұрланып күн тұрса, Күллі әлем жайнайды Жер беті құлпырса, Бұлбұлдар сайрайды Сұрақ-жауап. Қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде ауа-райы қандай болады?	
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Жұмбақ сыры: Ол өзі бірнеше қабат –қабат киінген Немесе Ұрмай-соқпай жылатады Бұл не деп ойлайсыңдар? Слайд арқылы. Жуамен таныстыру Саяхатқа шығу Балабақша ауласына саяхат. (Жуа отырғызу) Топтарға бөлінеміз 1- топ: Жуа отырғызушылар 2-топ: Су құюшылар 3- Топ: Қопсытушылар Сергіту сәті. Атамның алып күрегін Бақшаны қопарып беремін Әжеме мен құдықтан	өсімдіктің суреттері, слайд Әдіс-тәсілдері: әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап

	Су әкеліп беремін Бау-бақшаны күтемін Арам шөпті жұламын «Біз еңбекқор баламыз» Міндеті: Үлкендердің еңбегін бағалау Балалар сендер өте еңбекқор бала екенсіңдер! Рахмет сендерге!	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	ҰІӨ аяқтау. Балаларды мадақтау.	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӨ тақырыбы:	Менің достарым.
Күні:	Мамыр

ТОП:	Қатысқан балалар саны:	
ҰІӨ-нің міндеті:	Балаларды бір-бірімен тату болуға, мейрімді болуға үйрету. Дамытушы ойындар арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып,сөздік қорларын молайту, ой-өрісін дамыту.	
Күтілетін нәтиже:	Достық, қарым-қатынас туралы түсініктерді меңгереді. Суретке өз ойын жеке сөздер арқылы жеткізе алады.	
Тілдік мақсат:	Сөздік жұмыс: достасу, достық, бөлісу.	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ -жауап	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	I. Көңілді шеңбер. «Балдырған баламыз» Е.Өтетілеуов Балдырған баламыз, Досты көп табамыз Қашан да, қайда да Сенімді баламыз	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	I.I. Ой дамыту. «Достық неден басталады, достыққа не жараасады?» Достар қандай болу керек? Мейрімді, ақылды, қамқор, бірлікте. Ендеше соны іспен көрсетейік I.2. Қызығушылықты ояту. Балаларды топқа бөлу, дамытушы ойындар. Достық үйін құрастыру. I-топ Мейрімділік үйі. М.Монтессори технологиясы бойынша үй құрастыру. Сипаттама беру. Әр бала айту. Біздің үйіміз мейрімділік үйі деп аталады. Біз бір-бірімізге мейрімдіміз. Біз достарымызды қиындыққа тастамаймыз Мейрімділік үйі көңілді болады. Дос деп ең жақын адамды айтамыз.	

	2 –топ. Ақылдылар үйі. Дьенеш блоктары арқылы үй құрастыру. Біз ақылды балалармыз Бір –бірімізді ренжітпейміз Бәрін ақылмен жасаймыз Осы үйді де ақылмен, ойласып жасадық 3 – топ. Қамқоршылар үйі Таяқшамен үй жасау. Сипаттама. Біз қамқор балалармыз. Достарымызға көмектесуге дайынбыз Достарымызбен барлығын бөлісеміз Достарымызға жақсылық жасаймыз Сылдырмақ үні. Шеңберге шақыру Балалар достық әлемінде қандай	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Бекіту кезеңі: М. Жаманбалинов Дос болып біз жүрейік, Ойнайық та күлейік. Достық деген тамаша Міне,тұрмыз жараса. Балаларды мадақтау.	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӨ тақырыбы:	Біз Отанды қорғаймыз
Күні:	Мамыр

ТОП:	Ересек	Қатысқан балалар саны:
ҰІӘ-нің міндеті:	Отан қорғаушылар туралы түсінік беру, сөйлеу мәнерін сақтауға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету, тақырыпқа сәйкес қысқа өлең жаттату.	
Күтілетін нәтиже:	Отан туралы оны қорғау жайында түсініктерді меңгереді. Педагогтың кһмегімен өз ойын айта алады.	
Тілдік мақсат:	Сөздік жұмыс: отан, туған жер, қорғаушы, батыр	
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Сқрақ- жауап	
ҰІӘ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Шаттық шеңбер Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды даламыз, Жарқырайды күніміз, Қайырлы таң достар! Ауа райы жылы, күн ашық. II.Қызығушылықты ояту. Өлең оқу. Отан-асыл анамыз, Ана сүтін ақтаймыз, Есейгенде ер болып, Елді жаудан сақтаймыз. Балалар бұл өлең жолдарында не жайында айтылған? Балалар біз есейгенде, ер балаларымыз сияқты әскерге барамыз Олар Отандық борышын өтеуге барады, олар отанымызды қорғайды.бізде солар сияқты боламыз.	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӘ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	Ой қозғау Отан деген не? Сенің Отаның қалай аталады? Отанды қорғау деген не? Қимылды ойын “Біз сарбазбыз” Шарты:Балар үш шеңберге жасап тұрады.Әр шенбер өз тапсырмасын алады. Бірінші шеңбер: “Ұшқыштар” Екінші шеңбер: «Атты жауыңгерлер» Үшінші шеңбер: “Жаяу әскерлер” Ұшқыштар қолдарын екі жаққа жайып өз шеңберін де	

	“Ұшқыштар ұшады” .Басқалары қарап тұрады. Музыка ойнағанда “Жаяу әскерлер” адымдайды, келесі музыкада “Атты жауынгерлер” шабады,олар ат шабысын салады. Сұрақтар ілмегі Отан қорғау үшін қандай болуымыз керек? Ой дамыту Батырлық туралы мақал-мәтелдер -Батыр мың қол бастайды Шешен тар жерден сөз бастайды -Батыр туса ел ырысы -Жаңбыр жауса жер ырысы Есейгенде ер болып Елді жаудан сақтаймын Мағынасын түсіндіру.	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қортынды. Жүректен-жүрекке шеңбері: Отан бізді баласындай Асырап бізді қорғайды Біз Отанды сүйеміз, Дос боп мәңгі жүреміз!	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: **Қазақ тілі**

ҰІӨ тақырыбы:	Ж.Молдағалиев, «Жаз», жаттау
Күні:	Мамыр

ТОП:	Ортаңғы	Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ-нің міндеті:	Жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. Сөз қорын дамыту. Жаз, ауыл, жайлау туралы түсіндіру.	
Күтілетін нәтиже:	Жаз мезгілі туралы түсінеді. Сурет арқылы айта алады.	
Тілдік мақсат:	Сөздік жұмыс: жаз, жайдарлы, көңілді	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ-жауап.	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	Шаттық шеңбері. «Кел,балалар күлейік» Ө.Тұрманжанов. Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік! II.Қызығушылықты ояту. Бұл қай кезде болады? Жұмбақ жасыру -Қойны толы жеміске, Көкмайсалыеңіске. Көбелекқуыпойнайтын, Қаймезгілдепойлайсың? (жаз) -Сұрақ –жауап. - -Жазмезгілінде неше ай бар? Атау.? -Қандай ерекшеліктер болады? -Ауыл деген не?	Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	1. Ой қозғау. Суретпен жұмыс. -Суретке сөйлем құрау. 1.2. Ой дамыту. Қ. Әбдилдина. «Ауылда»	

	Ауылда. «Ауыл деген не?» десем Ата - әжем екен ғой, Ата- әжем тұрған соң, Аты – атамекен ғой Мейірім де ауыл да, Пейілің де ауылда. Жанға дауа ауасы, Сейілің де ауылда. Өлең жолдарын оқып түсіндіру. Сұрақ – жауап. 3. Жаң ҰІӨ бекіту. «Жаз» -Өлең жолдарының мағынасын түсіндіру, жаттау.	
IV. ҰІӨ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қортынды Мнемотехника тәсілімен Жаз мезгіліне сипаттама беру. Балаларды мадақтау	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

Іс-әрекет түрі: Қазақ тілі

ҰІӨ тақырыбы:	Мен табиғатты бақылай аламын
Күні:	Мамыр

ТОП:	Ортаңғы	Қатысқан балалар саны:
ҰІӨ-нің міндеті:	Табиғат дыбы-сын, яғни судың сылдырын, желдің , жаңбырдың дыбы-сын және жануарлардың дауыстарын ести білуді үйрету.Табиғат құбылы-сының болу себептері туралы түсінгендерін қалыптастыру.Табиғатқа қамқор болуға баулу.	
Күтілетін нәтиже:	Өз ойларын педагогтың көмегімен айта алады. Сұрақтарға жауап береді.	
Тілдік мақсат:	Сөздік жұмыс: денсаулық, тазалық	
Өткен ҰІӨ-нен алған білім	Сұрақ -жауап	
ҰІӨ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 3-5 минут	I.Шаттық шеңбер: Армысың, шапағатты, Күн ана Армысың қайырымды, Аспан ана Армысың мейірімді, Жер ана Армысың менің достарым. II.Қызығушылықтарын ояту. Айгүл келеді. Табиғат құбылыстары туралы білгісі келетінін айтады.	
ҰІӨ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 12- минут	III.Ой қозғау. Балалардан адамдардың табиғатты бақылауы не үшін қажет екендігі туралы ойланып жауап берулерін өтіну. Күн неге жарқырайды? Кемпірқосақ қай мезгілде пайда болады? Өсімдіктің тіршілігі үшін не қажет? Ой дамыту Табиғат туралы түсінік беру. (жер,су,ауа,өсімдіктер,құстар,жануарлар т.б.) -Тірі және өлі табиғат туралы түсіндіру. АКТ технологиясы Табиғат құбылыстары туралы Видео ролик көрсету. Сурет бойынша әңгіме құрастыру.Слайд. Көрсету.	АКТ, қуыршақ



Көрген суреттеріне әңгіме құрау. Мыс: Мен торғайларға ұя жасаймын.

Саиша да ұя жасайды. Біз ұяны жоғары ілеміз. Біз құстарға жем шашамыз, су береміз. Құстар жанды табиғатқа жатады. Біз табиғатты қорғаймыз.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар,

Үп-үлкен болып өседі.

Дид ойын: «Шатастырма»

1. Көктемде қар жауады.

2. Қазір жаз мезгілі?

3. Көктемде қар ериді?

4. Қыста жапырақтар сарғаяды?

5. Жыл мезгілдері: қыс, көктем, жаз, күз.

6. Жаз ең суық жыл мезгілі?

7. Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді?

8. Жазда балалар оқиды?

Балаларды мадақтау

IV. ҰІӨ-нің

қорытындысы.

Рефлексия

3-минут

Қорытынды.

Айгүл балалараға рахмет айтып қоштасады.

Балаларды мадақтау.